



БҰЙРЫҚ

2025 ж. 14 ақпан
Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ 54
город Астана

**Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігіне
акциялардың мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығы
берілген жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру
ұйымының директорлар кеңесінің тәуелсіз директорларын
сайлау тәртібін айқындау туралы**

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабының 4, 5-тармақтарына және 36-бабы 1-тармағының 18) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 5 қазандағы № 21 бұйрығымен бекітілген Ұлттық әл-ауқат қорын қоспағанда, мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдардағы корпоративтік басқарудың үлгілік кодексінің 70-тармағына және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің 2025 жылғы 12 ақпандағы № КГИП-02-КГ/1460 хатына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігіне акциялардың мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығы берілген жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының директорлар кеңесінің тәуелсіз директорларын сайлау тәртібі айқындалсын.

2. Осы бұйрық 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігіне акциялардың мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығы берілген жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының жалғыз акционерінің шешімі болып табылады.

3. Инфрақұрылымдық жобалар, мемлекеттік сатып алу және активтер департаменті осы бұйрықты жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының назарына жеткізсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Ғылым және жоғары білім министрі



С. Нұрбек

Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім министрінің
2025 жылғы «14» ақпаны
№54 бұйрығына 1-қосымша

**Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім
министрлігіне акциялардың мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану
құқығы берілген жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі
білім беру ұйымының директорлар кеңесінің тәуелсіз
директорларын сайлау тәртібі**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігіне акциялардың мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығы берілген жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының директорлар кеңесінің тәуелсіз директорларын сайлау тәртібі (бұдан әрі – Тәртіп) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының директорлар кеңесінің (бұдан әрі – Директорлар кеңесі) құрамына тәуелсіз директорларды сайлау рәсімі кезінде ашықтық пен айқындықты қамтамасыз ету мақсатында әзірленді.

**2-тарау. Директорлар кеңесінің тәуелсіз директорларының
кандидаттарына қойылатын талаптар**

2. Директорлар кеңесінің құрамына кандидаттарды іріктеу кезінде:
- 1) басшы лауазымдардағы жұмыс тәжірибесі;
 - 2) директорлар кеңесінің мүшесі ретіндегі жұмыс тәжірибесі;
 - 3) жұмыс өтілі;
 - 4) қолда бар халықаралық сертификаттарды қоса алғанда, білімі, мамандығы;
 - 5) бағыттар мен салалар бойынша құзыретінің болуы (жоғары білім және ғылым саласында);
 - 6) іскерлік беделі;
 - 7) тікелей немесе әлеуетті мүдделер қақтығысының болуы назарға алынады.
3. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының (бұдан әрі – Қоғам) үлестес тұлғасы болып табылатын және ол Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде үлестес тұлғасы болып табылатын тұлғалар (оның осы акционерлік қоғамның тәуелсіз директоры лауазымында болу жағдайын қоспағанда) осы акционерлік қоғамның үлестес тұлғаларына қатысты үлестес тұлға болып табылатын тұлға; осы акционерлік қоғамның немесе осы акционерлік қоғамның үлестес тұлғалары - ұйымдарының лауазымды

адамдарына бағыныстылыққа байланысты және ол Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде осы тұлғаларға бағыныстылыққа байланысты; мемлекеттік қызметші; осы акционерлік қоғам органдарының органдарының отырыстарында және өзі Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде акционердің өкілі болып табылатын тұлға; осы акционерлік қоғамның аудитіне аудиторлық ұйымның құрамында жұмыс істейтін аудитор ретінде қатысқан және өзі Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде осындай аудитке қатысқан болып табылатын тұлға Қоғамның Директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры болып сайланбайды.

3-тарау. Қоғамның Директорлар кеңесінің тәуелсіз директорларын сайлау

4. Директорлар кеңесінің тәуелсіз директорларын сайлау конкурстық іріктеу (бұдан әрі – Іріктеу) негізінде жүзеге асырылады.

5. Іріктеу келесі реттілікпен жүзеге асырылады:

1) Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) тұрақты жұмыс істейтін Іріктеу комиссиясын (бұдан әрі – Комиссия) құрады және Министрлік қызметкерлерінің арасынан Комиссия төрағасын тағайындайды;

2) күні мен орны көрсетіле отырып, Министрліктің интернет-ресурсында Іріктеуді өткізу туралы хабарландыру жарияланады;

3) кандидаттардың өтініштері салынған конверттерді жинау;

4) Комиссия кандидаттардың өтініштері салынған конверттерді ашады және кандидаттар құжаттарының осы Тәртіпте көзделген талаптарға сәйкестігін зерттейді;

5) кандидаттармен әңгімелесу өткізу;

6) Қоғамның Директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры ретінде Іріктеуге қатысушыны¹ (ларды) тағайындау туралы Комиссияның ұсынымы;

7) Іріктеуді ұйымдастыру мен өткізуді Комиссия жүзеге асырады;

8) Комиссия мүшелерінің саны бес адамнан кем болмауға тиіс. Қажетті ең аз іріктеу кворумы Комиссия мүшелері санының кемінде 60%-ын құрауы тиіс.

Министрлік басшысының бірінші орынбасарынан немесе аппарат басшысынан төмен емес лауазымдағы адам Комиссия төрағасы болып табылады.

Хатшы Комиссия мүшесі болып табылмайды.

6. Комиссия мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) Министрліктің интернет-ресурсында Іріктеу туралы хабарландырудың жариялануын қамтамасыз етеді;

2) Іріктеуге қатысу үшін ұсынылған құжаттарды қабылдауды, тіркеуді және сақтауды жүргізеді

¹ Қатысушы – Іріктеуге қатысуға өтініш ұсынған Қоғамның Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшесіне кандидат

3) қатысушыны бағалау нәтижелері бойынша Комиссия оны сайлауға ұсыну, оның кандидатурасын қабылдамау туралы шешім қабылдайды.

7. Іріктеу өткізу туралы хабарландыру мынадай мәліметтерді қамтиды:

1) Іріктеу өткізілетін күні, уақыты және орны (конверттерді ашу);

2) орналасқан жері, пошталық мекенжайы, телефоны, оның негізгі қызметінің қысқаша сипаттамасы көрсетілген қоғамның атауы;

3) кандидаттарға қойылатын талаптар;

4) Іріктеуге қатысу туралы өтініштерді ұсыну мерзімі;

5) Іріктеуге қатысу туралы өтінішке қоса берілетін құжаттардың тізбесі;

6) құжаттарды қабылдаудың басталу күні.

Іріктеуге қатысуға ниет білдірген тұлғалардың құжаттарын қабылдаудың басталу күні Министрліктің интернет-ресурсында Іріктеу өткізу туралы хабарландыру орналастырылған күннен бастап айқындалады.

Құжаттарды қабылдау Министрліктің интернет-ресурсында Іріктеу өткізу туралы хабарландыру орналастырылған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң аяқталады. Ерекше жағдайларда құжаттарды қабылдау мерзімі күнтізбелік 5 күнге дейін қысқартылуы мүмкін.

8. Іріктеуге қатысу үшін қажетті құжаттар:

1) осы Тәртіпке 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қатысу туралы өтініш;

2) кандидаттың түйіндемесі;

3) кандидаттың жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

4) жоғары білім туралы, бар болған жағдайда жоғары оқу орнынан кейінгі білімі туралы құжаттың көшірмесі;

5) Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабына сәйкес жұмыскердің еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;

6) білім және (немесе) экономика және (немесе) кәсіпкерлік және (немесе) құқық (бар болса) саласындағы қоғамдық бірлестіктерге мүшелігін растайтын құжаттар;

7) осы Тәртіпке 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша толтырылған кандидат туралы мәліметтер.

8) корпоративтік басқару тәжірибесін растайтын құжаттар (бар болса);

9) осы Тәртіптің 2-тармағына сәйкес ақпарат.

Іріктеуге қатысушы өзінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар туралы құжаттардың көшірмелері, алдыңғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар) ұсына алады.

9. Іріктеуге қатысушы (кандидат) өтінімінің түпнұсқасын «Түпнұсқа» деп белгілеп, конвертке салып мөрлейді.

Бұл конвертте қатысушының (кандидаттың) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және мекенжайы көрсетіледі. Осыдан кейін конверт сыртқы конвертке салынып мөрленеді.

Ішкі және сыртқы конверттер:

1) Министрліктің интернет-ресурсында орналастырылған хабарландыруда көрсетілген мекенжай бойынша Министрлікке жіберілуі тиіс;

2) «Ұйымның атауы көрсетіледі» КеАҚ директорлар кеңесінің тәуелсіз директорларының іріктеуі» және «_____ дейін ашпаңыз» деген сөздер болуы тиіс (Министрліктің интернет-ресурсында орналастырылған хабарландыруда көрсетілген конверттерді ашу күні мен уақыты).

10. Өтінім хабарландыруда көрсетілген мекенжайға жіберіледі.

11. Комиссия төрағасы Іріктеу өткізу туралы ақпаратқа сәйкес көрсетілген уақытта және жерде ұсынылған өтінімдер салынған конверттің түпнұсқасын ашады.

12. Өтінімдер салынған конверттерді ашу рәсімінен кейін Комиссия хатшысы ашу хаттамасын жасайды, оған оның мүшелері мен хатшысы қол қояды.

13. Егер Іріктеуге қатысуға Талаптарға сәйкес келетін кемінде екі қатысушы өтінім берсе не өтінімдер түспесе немесе кері қайтарылса, онда Комиссия Іріктеуді өтпеді деп таниды және қайта Іріктеуді жүргізу туралы шешім қабылдайды.

14. Комиссия өтінімдер салынған конверттерді ашқан күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қатысушы ұсынған құжаттарды қарайды және оның қойылатын талаптарға сәйкестігіне бағалау жүргізеді.

15. Комиссия өткізген бағалау нәтижелері бойынша талаптарға сәйкес келетін қатысушылар әңгімелесу күнін, уақыты мен орнын көрсете отырып, электрондық пошта арқылы әңгімелесуге шақырылады.

16. Комиссия Іріктеуге қатысушылармен (кандидаттармен) «Мемлекеттік мүлік туралы», «Акционерлік қоғамдар туралы» «Білім туралы», «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын, Қоғам қызметі саласындағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін және білім беру ұйымы қызметінің ерекшелігін білуіне әңгімелесу өткізеді.

Іріктеуге қатысатын және әңгімелесуге жіберілген қатысушылармен әңгімелесу қажет болған жағдайда техникалық байланыс құралдары арқылы жүргізілуі мүмкін.

17. Комиссия шешімдері Комиссия мүшелері жалпы санының қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады.

Дауыстар тең болған жағдайда Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

Комиссия қабылдаған шешім хаттамамен рәсімделеді, оған әңгімелесуге қатысқан Комиссияның төрағасы мен мүшелері, сондай-ақ хаттама жүргізетін хатшы қол қояды.

18. Іріктеу жүргізудің жалпы мерзімі оны өткізу туралы шешім қабылданған күннен бастап екі айдан аспайды.

19. Комиссия Іріктеуді өтпеді деп тану туралы шешімді, егер:

1) құжаттар ұсынылмаған не кері қайтарылған немесе егер Іріктеуге қатысуға қойылатын талаптарға сәйкес келетін кемінде екі қатысушыдан кем өтінім ұсынылған болса;

2) Іріктеуге қатысушылардың құжаттарын қарау нәтижесінде әңгімелесуге жіберілген қатысушы анықталмаса не Қоғамның Директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры ретінде сайлау үшін ұсыным алған қатысушы анықталмаса қабылдайды.

20. Егер Комиссия Іріктеуді өтпеді деп таныса, Министрлік қайта Іріктеу өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы.

21. Комиссия отырысы хаттамасының негізінде Министрлік Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелерін тәуелсіз директорлар ретінде Комиссия ұсынған қатысушылармен сайлау туралы шешімнің жобасын келісу үшін мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға жібереді.

Қазақстан Республикасы Ғылым және
жоғары білім министрлігіне
акциялардың мемлекеттік пакетін
иелену және пайдалану құқығы
берілген жоғары және жоғары оқу
орнынан кейінгі білім беру ұйымының
директорлар кеңесінің тәуелсіз
директорларын сайлау тәртібіне
1-қосымша

Нысан

Өтініш

Мен осымен «_____» КеАҚ Директорлар кеңесінің мүшелігіне тәуелсіз директор ретінде сайлануға келісім беретінімді растаймын. Сондай-ақ, мен көрсетілген «_____» КеАҚ-қа үлестес тұлға емес екенімді және соңғы үш жыл ішінде үлестес тұлға болмағанымды, көрсетілген «_____» КеАҚ үлестес тұлғаларына қатысты үлестес тұлға болып табылмайтынымды және олардың лауазымды адамдарына – «_____» КеАҚ үлестес тұлғаларына бағынуға байланысты емес екенімді; мемлекеттік қызметкер емес екенімді; осы «_____» КеАҚ органдарының отырыстарында және директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде акционердің өкілі болып табылатын тұлға емес екенімді; осы «_____» КеАҚ аудиторы емес екенімді және соңғы үш жыл ішінде аудитор болмағанымды, «_____» КеАҚ аудитіне аудиторлық ұйымның құрамында жұмыс істейтін аудитор ретінде қатыспағанымды және соңғы үш жыл ішінде мұндай аудитке қатыспағанымды растаймын.

_____ қолы

_____ Т.А.Ә. (болған жағдайда)

Күні

«_____» _____ 202__ ж.

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігіне акциялардың мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығы берілген жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының директорлар кеңесінің тәуелсіз директорларын сайлау тәртібіне
2-қосымша

Нысан

Кандидаттың суреті

«_____» КеАҚ

Директорлар кеңесіне тәуелсіз директорды сайлау үшін кандидат туралы мәліметтер

1. Жалпы мәліметтер:

Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	(жеке куәлікке (төлқұжатқа) толықтай сәйкес етіп жазылады, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) өзгерген жағдайда қашан және қандай себеппен өзгергені көрсетіледі)
Туған күні мен туылған жері	
Тұрақты мекенжайы, телефон нөмірлері, электрондық поштасы	(толық мекенжайы, елді мекен кодын қосқанда қызметтік, үй, байланыс телефондарының нөмірлері, электрондық поштасы көрсетіледі)
Азаматтығы	
Жеке басын куәландыратын құжаттың толық деректемелері	

2. Үлестес туралы мәліметтер:

Жақын туыстары (ата-анасы, жұбайы, аға-інісі, әпке-қарындасы, балалары), сондай-ақ туыстары (ағасы, әпкесі, ата-анасы, жұбайының балалары) туралы мәліметтер:

№	Тегі, аты, әкесінің аты	Туған күні, айы, жылы	Туыстық қарым-қатынасы	Жұмыс орны және қызметі
---	-------------------------	-----------------------	------------------------	-------------------------

	(болған жағдайда)			
1.				
2.				
3.				

Заңды тұлғалардың жарғылық капиталына тікелей немесе жанама қатысу:

№	Атауы және орналасқан жері	Заңды тұлға қызметінің жарғылық түрлері	Қатысу бағасы және үлесі
1.			
2.			
3.			

3. Кәсіби деректер:

Білімі, оның ішінде жұмыс бейініне сәйкес келетін кәсіптік білімі	(оқу орнының, факультеттің немесе бөлімшенің атауы және орналасқан орны, оқу кезеңі, берілген біліктілік, білім туралы дипломның деректері көрсетіледі)
Қосымша білім, оның ішінде жұмыс істейтін саласына қатысты біліктілікті арттыру курстарына қатысуы, ғылыми дәрежесі	(оқу орнының атауы және орналасқан орны, оқу кезеңі, білім туралы дипломның, сертификаттың, куәліктің деректері көрсетіледі)
Директорлар кеңесінің/Байқау кеңесінің құрамында жұмыс істеу тәжірибесі	
Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшесі ретіндегі жұмысына уақыт бөлу мүмкіндігі	
Жетістіктері	(осы мәселе бойынша ақпарат көрсетіледі, мысалы, ғылыми мақалалардың атаулары, ғылыми жобаларға, заң жобаларын әзірлеуге қатысуы және тағы басқа)

Қоғамдық ұйымдардағы мүшелік	(осы мәселе бойынша ақпарат көрсетіледі, мысалы, аудиторлар, актуарилер палатасы және тағы басқа)
Осы мәселеге қатысты басқа ақпарат	(үміткердің кәсіби құзыреттілігін сипаттайтын ақпарат көрсетіледі)
Сот шешімі бойынша сіз әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылдыңыз ба, қашан және не үшін	
Сіз белгілі бір мерзім ішінде, қашан және не үшін мемлекеттік лауазымдарды атқару құқығынан айырылдыңыз ба	
Шетелде оқу немесе жұмыс істеу Болу елі Болу уақыты Оқу немесе жұмыс орны	

_____ (қолы)

Күні

« _____ » _____ 202__ ж.

Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім министрінің
2025 жылғы «14» ақпандағы
№54 бұйрығына
2-қосымша

**Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігіне
акциялардың мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқықтары
берілген жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі
білім беру ұйымдары**

- 1) «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы;
- 2) «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы;
- 3) «Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы;
- 4) «Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы;
- 5) «Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы;
- 6) «Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы;
- 7) «Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты» коммерциялық емес акционерлік қоғамы;
- 8) «Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы;
- 9) «Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы;
- 10) «Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы;
- 11) «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы;
- 12) «Торайғыров университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы;
- 13) «Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы;
- 14) «Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы;
- 15) «Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы;
- 16) «Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы;

- 17) «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы;
- 18) «Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы;
- 19) «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы;
- 20) «Рудный индустриялық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы;
- 21) «Қарағанды индустриялық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы;
- 22) «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы;
- 23) «М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы;
- 24) «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы;
- 25) «Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы;
- 26) «Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы;
- 27) «Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы;
- 28) «Сафи Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы;
- 29) «Қазақ ұлттық су шаруашылығы және ирригация университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы.